

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

7. Южанинова Е.Р. Интернет как новое пространство самореализации молодёжи // Вестник Оренбургского государственного университета. - №7 (156). - Оренбург, 2013. - С. 82 - 89.
8. Вишневецкий Ю. Р., Нархов, Д. Ю., Сильчук, Е. В. (2016). НОВЫЕ ЯВЛЕНИЯ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ И АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ. Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Социально-экономические науки, 2016.-С. 8-18.
9. Интернет-зависимое поведение = Internet- addictive behavior : (обзор) : (review) / В.Л.Малыгин [и др.] // Журнал неврологии и психиатрии имени С. С. Корсакова. - 2011. - Т. 111, № 8. - С. 86-92.
10. Макарова, Е. А. Психологические особенности кибербуллинга как формы интернет-преступления / Е. А. Макарова // Российский психологический журнал. – 2016. – Т. 13. – № 3. – С. 293-311.
11. Федунина, Н. Ю. Представления о триаде «Преследователь – жертва – наблюдатель» в кибербуллинге в англоязычной литературе [Электронный ресурс] / Н. Ю. Федунина. – Режим доступа: <http://psystudy.ru/index.php/num/2015v8n41/1143-fedunina41.html>
12. Cyberbullying Research Center report, 2010. [Электронный ресурс]. <https://cyberbullying.org/>
13. Belsey B. Cyberbullying: An Emerging Threat to the «Always On» Generation [Электронный ресурс]. URL: <http://www.billbelsey.com/?p=1827>
14. Kowalski R.M., Limber S.P., Agatston P.W. Cyber bullying: Bullying in the digital age.—Malden, MA: Blackwell publishing, 2008.-С- 10-12.
15. Забокрицкая Л.Д. Информационная культура современной молодежи: угрозы и вызовы виртуального социального пространства // Вестн. Перм. нац. исслед. политех. ун-та.— Соц.-экон. науки.— 2017.- С. 6-8.
16. Wolak J., Mitchell K., Finkelhor D. Does online harassment constitute bullying? An exploration of online harassment by known peers and online-only contacts // Journal of Adolescent Health.— 2007.— № 41.— P. 51–58.

ӘОЖ 159.9

ЖОҒАРҒЫ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДЕГІ МАЗАСЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ

Айгеленова Маржан Сериковна, Әнтай Айқаракөз Рамазанқызы

Ant.aikarakozz2004@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология білім беру бағдарламасы, 1 курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – пс.ғ.к. Б.Ш. Байжуманова

Мазасыздық – бұл адамның психикалық жағдайы, эмоциялық немесе физикалық белсенділік жоғарылағанда және әлеуметтік жағдайларға байланысты, немесе адамның ерекшеліктеріне бейімделе дәл осы сәтте, алдағы уақытта қорқыныш сезімін сезіну. Мазасыздық проблемасы бүгінгі күні өте өзекті, өйткені әлеуметтік-психологиялық бейімделу адамның ерекшеліктеріне байланысты болады.

Мазасыздықтың жоғарылау себептеріне, зерттеу нәтижесіне қарап, мазасыз ортада өскен балалар мазасыздыққа бейім екенін көрсетеді. Мысалы, мазасыз ана мен гипер-қамқор әке, баласына жамандық тілемей, оның жүріс-түрісін, киімін, сөйлеген сөзін бақылауы мүмкін. Тым қатты бақылауда болған бала тым мазасыз және уақыт өте келе ата-анасындай болады. Мазасыздықтың тағы бір себептеріне травматикалық жағдайларды алуға болады.

Травматикалық жағдайлар әр түрлі жастағы адамдарда мазасыздықтың пайда болу ықтималдығын шамамен 70% арттырады. Адамды жарақаттайтын оқиғалар әр түрлі болуы мүмкін: соғыс (аштық, үйден айырылу), табиғи апаттар (жер сілкінісі, су тасқыны), жақындарынан айырылу (мысалы, жол апатында), зорлық-зомбылық (физикалық және психологиялық), қорлау (ұрып-соғу, азаптау).


Оқушылардың эмоциялық қолайсыздығының ең көп тараған түрі – мектептегі мазасыздық (А.К. Дусавицкий, Т.А. Неждова, Е.В. Новикова, А.М. Приходян, Е.В. Филиппова, Б.Н. Филлипс және т. б.) атап өткендей, мектептегі мазасыздық оқу жағдайларындағы толқу, сыныпта мазасыздықтың жоғарылауы, өзіне деген жаман көзқарасты күту, мұғалімдер мен құрдастардың теріс бағасын күту арқылы көрінеді. "Бала үнемі өзінің жеткіліксіздігін сезінеді, өзінің мінез-құлқының, шешімдерінің дұрыстығына сенімді болмайды. Дәл солай сияқты жоғарғы сынып оқушылары «алда не күтіп тұрғанын білмеу, мен болашақта емтиханды тапсыра аламын ба?» деген ойлармен мазасыздық пен стресс сезінеді.

Көбінесе мазасыздықтың жоғары деңгейі жақын арада емтихан тапсыратын жоғары мектеп жасындағы балаларда және бірінші мен соңғы курс студенттерінде болатыны анықталды. Олардың арасында мазасыздық деңгейі төмен адамдар іс жүзінде жоқ. Мазасыздықтың орташа деңгейі орта курс студенттерінде байқалады.


Жоғары сынып оқушыларында және бітіруші курс студенттерінде мазасыздықтың жоғары деңгейінің себебі аттестациялану немесе дипломдық жұмысты қорғаумен, соңғы емтихандармен байланысты. Сондай-ақ, олардың мазасыздығы және алаңдаушылығының себебі болашақтағы белгісіздік мәселесі болуы мүмкін.

Бірінші курс студенттерінде жоғары мазасыздық деңгейі университеттегі жаңа жағдайларға бейімделуге немесе бөтен қалада және жатақханада тұру ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, мазасыздыққа жақындарынан алыстау және алдағы бірінші сессияға деген толқу әсер етеді. Студенттерде оқушылар сияқты болашақтан қорқады. Мен қандай мамандық иесі боламын, мені алда қандай асулар күтіп тұр деген секілді ойлар мидан кетпегендіктен қатты мазаланады. Біздің сауалнамадан жалпы қатысқан 72 зерттелінушінің, 32-і оқушы, қалған 40-ы студент. Оқушыларға арналған сұрақтар ішінен тапсырмаларға, тесттерге және емтихандарға қатысты сұрақтарға 32 оқушының 30-ы толығымен «иә» деп жауап берді. 40 студент өз алдында 100% студенттің 98% болашаққа байланысты көп ойланатынын көрсетті.


Сауалнамада тұрақты мазасыздық сезімінің болуына жауап алу нәтижесінде, адамдардың 65,3%-ы оң жауап қайтарды.



"Біреуді немесе бір нәрсені күту мені әрқашан алаңдатады" деген сұраққа студенттердің 51,6%-ы "иә" деп жауап берді. Ал оқушылар болса 48,4% «иә» деп жауап берді. Бұл сұрақ арқылы біз көбіне студенттердің көп мазасызданатынын көреміз.




Сауалнамаға қатысқан оқушылар мен студенттердің 74,2%-ы ықтимал сәтсіздіктерден қорқатыны туралы сұраққа оң жауап берді.



Сауалнаманың нәтижесіндегі барлық жауаптарды өңдеуде адамдардың 64,5%-ы мазасыздық және алаңдаушылық туралы сұрақтарға оң жауап бергені анықталды. Оқушылар және де студенттерде өздерінің жиі қобалжитыны туралы және қобалжу оларды қатты шаршататынын көрсетті.

12. Мен жиі қатты қобалжудан шаршаймын/Я довольно часто устаю от того, что сильно нервничаю.



Мазасыздықтың жоғары деңгейі адамның мақсаттарына жетуіне кедергі келтіреді, оқушыларды және студенттерді оқуда немесе болашақ кәсіби салада бәсекеге қабілетсіз етеді.

Мазасыздық күйінің себебі көбінесе жағымсыз әлеуметтік тәжірибенің немесе адам өміріндегі қиындықтардың нәтижесі болып табылады. Осы зерттеуде мазасыздық - жаңа тәжірибеге және оның студенттер мен оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен күнделікті өміріне деген қауіп-қатер төндіруіне байланысты екенін көруге болады. Мазасыздық деңгейінің жоғары болуы адамның эмоционалдық бейімделуінің төмен деңгейімен байланысты болуы ықтимал.

Мазасыздықтың жоғары деңгейі байқалатын студенттер мен оқушыларға өзінің назарын жағымсыз оқиғалар мен олардың әлсіз жақтарынан алып, нақты мақсаттарды айқындауға және болашақтағы жеңістерге сенімділік сезімін қалыптастыруға назар аудару ұсынылады.

Әдебиеттер

1. Тарасова Р.Е. ПРОБЛЕМА ТРЕВОЖНОСТИ СТУДЕНТОВ.
2. Григорьева О.Ф., Холуева К.А. ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ ТРЕВОЖНОСТИ У СТУДЕНТОВ.
3. Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика.

ӘОЖ 316.6

ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ: ҰРПАҚАРАЛЫҚ ТРАНСМИССИЯ ЖӘНЕ ЦИКЛДАР

Ақымбек Гүлазира Шардарбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, психология кафедрасының 1-курс докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор Меңлібекова Г.Ж.

Отбасындағы зорлық-зомбылық-қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Бұл көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстан үшін де өте өзекті болып отыр. Сонымен қатар, біздің